

20 қаңтар, сенбі

2007 жыл, №8 (14051)

ҚОМАҚТЫ ҮЛЕС ҚОСҚАН

Қазақстанның топырақтану саласы бойынша, соның ішінде Ертіс өзені жазығының топырағын зерттеп, бірнеше ғылым жұмыстар жазып, ғылымның дамуына өз үлесін қосқан ауылшаруашылық ғылымдарының докторы ғалым Нұғман Ыбырайұлы Баяндиннің туғанына 95 жыл толды.

Н.Баяндин 1912 жылы бұрынғы Павлодар уезі Ақкелін болысының (қазіргі Баянауыл ауданы) Беріктас ауылында қарапайым шаруа отбасында туған. Бала кезінде Баянауылда мұсылмандық мектепте оқып, оны бітірген соң молланың қарамағында жұмыс істеген.

1928 жылы Семей ауылшаруашылық техникумына түсіп, сол оқу орнының кәсіподақ және комсомол ұйымының төрағасы болып сайланады. Тек оқуда ғана емес, өзінің ізденгіштік, ұйымдастырушылық қабілетімен де ерте көзге түскен болашақ ғалымның өмір жолы ғылымға арналды. Техникумды бітірген соң Екібастұз совхозына агротехник етіп жібереді. Ал 1936 жылы Ташкенттегі Ортаазиялық мемлекеттік университетке оқуға түседі. Жоғарғы оқу орнын үздік бітірген жас маман оқуын ары қарай жалғастырып, Алматы қаласындағы Қаз ССР ҒА филиалына аспирантурасына түседі.

1941 жылы Қаз ССР ҒА топырақтану институтында істей жүріп, республикамыздың түрлі аудандарындағы топырақ түрлерін зерттеумен айналысады. Міне, осы кезден бастап оның топырақтану және агротехника саласындағы ғылыми қызметі басталды.

Ғалым Ертіс бойына бірнеше рет



экспедиция жасап, Жоғары Ертіс топырақ отрядын басқарды. Зайсан көлінен Семейге дейінгі жазықтықтың топырақ жамылғысын, Сырдарияның төменгі ағысы мен Алтай ауданының топырақтарын зерттейді. Осылайша, ол Ертіс өзенінің бойының топырағын 30 жыл зерттеді.

Нұғман Ыбырайұлы басқарған ғылыми экспедициялар Қазақстанның осы аудандардағы топырақтық картасын жасауға көмегін тигізді. Нұғман Баяндин педагогикалық қызметпен де шұғылданды: ол Қазақ ауылшаруашылығы институтының

топырақ географиясы кафедрасында, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында, Семей және Өскемен қалаларындағы жоғарғы оқу орындарында дәріс берді.

Бір атап өтерлігі, жерлес ғалым ұзақ жылдар Г.Потанин атындағы облыстық тарихи - өлкетану музейімен байланыста болып, хаттарға жауап жазып, ғылыми еңбектерін жіберіп тұрды. Солардың бірі оның докторлық диссертациясының бір бөлігі «Жағалаулық жерлерді игеру» атты еңбегі. Көп жылдық ғылыми зерттеулерінің нәтижесі ретінде жазылған бұл еңбек Ертіс өзені жазығының табиғи - тарихи жағдайы, топырақ - өсімдік жамылғысы және ауылшаруашылығында пайдалану туралы айтылған. Ғалым жыл сайын мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне арнап географиялық ашылымдар туралы кітап шығарып отырды. Еңбектер Москвадағы кітап көрмесіне қойылды. Бұл кітаптың бір данасы Потанин атындағы тарихи - өлкетану музей қорында сақтаулы. Сонымен қатар, музейде оның хаттары, мақалалары, еңбектері мен монографиялары бар.

Баянауылдық ғалым, топырақтанушы Нұғман Ыбырайұлы Баяндиннің ғылыми зерттеулері қазақ ғылымына үлкен үлес қосты.

Шәкіра МҮБӘРАКОВА.

Г.Потанин атындағы облыстық тарихи - өлкетану музейінің табиғат бөлімінің меңгерушісі.